

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару
(жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік
комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

29.08.2017 ж.
сағ.: 11:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы.

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков - ММРК төрағасы орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Ажигулова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы А. И. Әліпбай - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың м.а., Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

Күн тәртібі:

1. Жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (Бұдан әрі - Қағидалар) 52 тармағына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу үшін келмегеніне байланысты тендерлік комиссияның шешімін №14 лот бойынша 2017 жылғы 8 тамыздағы тендер жеңімпазы атанған жеке тұлға Талгат Казиканович Досумовқа қатысты жоққа шығару.

Тендер 2017 жылғы 15 тамыздағы жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Мау *Ахметов* *Н.С.* *Ажигулова* *Баякова* *Досумов*

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Султанов Бахыт Аширбекович	1	Шымкент қ. М.Сапарбаева көш., 34 үй	25.08.2017 ж.	15:32
	Барлық конверттер саны:	1			

Қағидалардың 11-тармағына сәйкестігін тендерлік комиссия тендерге қатысу өтінімдерін конверттер ашылғаннан кейін қарастырды.

1) Ж.т. Бахыт Аширбекович Султановтың (№ 21 лот) тендерге қатысу өтінімі тігілген, нөмірленген 7 бетте:

- 1) Ереженің 1 қосымшасына сәйкес тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 23.08.2017 жылғы №5510157 жеке тұлға қаражатын аудару туралы өтініші.

1.Тендер комиссиясы қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес тендерге қатысу өтінімін ашық түрде дауыс беру жолымен қарастырып, жалғыз қатысушы ретінде **№ 21 лот** бойынша өтінім бағасы **68 657 609 (алпыс сегіз миллион алты жүз елу жеті мың алты жүз тоғыз) теңге 48 тиынмен Бахыт Аширбекович Султановты** тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады (Қағидалардың 35 т. сәйкес).

Осы аталған шешімге дауыс берді:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2.Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 52-тармағына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу үшін келмегеніне байланысты, №14 лот бойынша 2017 жылғы 8 тамыздағы тендер жеңімпазы атанған жеке тұлға Талгат Казиканович Досумовқа қатысты тендерлік комиссияның шешімі жоққа шығарылсын.

Осы аталған шешімге дауыс берді:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2017 жылғы 29 тамыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор - ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 29 тамыздағы сағат 11.17-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 29 тамыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі, 8 парақта.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:


Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б.Қ.




Шәкірбаев М.С.




Иманбаев Н.М.



Рахматулла Е.С.



Ажигулова М.Ж.



Әліпбай А.И.



Комиссия хатшысы:

Баякова Ж.Т.

